


КЕЛІСІЛДІ:

Директордың орынбасары
«Каспий жылу, су арнасы» МКК

 И.Усенов
« » 2023ж.

БЕКІТЕМІН:

Директор
«Каспий жылу, су арнасы» МКК

 А.Жанахмет
« » 2023ж.



МКК «КАСПИЙ ЖЫЛУ, СУ АРНАСЫ» ГКП

**«Каспий жылу, су арнасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты.**

Ақтау қаласы 2023ж.

**«Каспий жылу, су арнасы» МКК-ы
сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету
саясаты**

1. Жалпы ережелер

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясаты (бұдан әрі – Саясат) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық түрлерін, мақсаты мен міндеттерін, сондай-ақ «Каспий жылу Су арнасы» МКК-ны сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің қағидаттарын белгілейді.

Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кәсіпорын Жарғысына және басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Осы Саясатта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

1) сыбайлас жемқорлық – лауазымды тұлғалардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету – Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықты алдын алуға бағытталған өкілеттіктері шегіндегі әрекеттері (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу);

3) басшы – Кәсіпорын директоры;

4) ашық желі – ерекше назар аударуды қажет ететін, Кәсіпорының жұмысы мен қызмет тиімділігіне қолайсыз әсер етуі мүмкін проблемалар туралы хабарлау мүмкіндігін беретін желі;

5) жұмыскер – Кәсіпорынмен еңбек қатынасында тұрған адам.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық түрлері

3. Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды көздейді:

1) пара беру не алу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес өзге мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу;

3) Кәсіпорынның активтерін заңсыз пайдалану немесе талан-таражға салу;

4) Кәсіпорынның тауарлы-материалдық құндылықтарын талан-таражға салу немесе заңсыз пайдалану;

5) ақшалай сыйақы және басқа да пайда алу үшін лауазымдық өкілеттіктерін пайдалану;

6) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу кезінде құжаттарды қолдан жасау (шатастыру), бағаны қасақана көтеру немесе төмендету арқылы бұрмалау;

7) пайда табу және Кәсіпорынға залал келтіру мақсатында құпия ақпаратты заңсыз иемдену.

4. Саясаттың мақсаты мен міндеттері

4. Сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету қағидаттарын қамтамасыз ететін Кәсіпорын қызметкерлерінің мәдениетін қалыптастыру осы Саясаттың негізгі мақсаты болып табылады.

5. Осы Саясаттың міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- 3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 4) қызметкерлерді Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және Кәсіпорынның ішкі құжаттарын қатаң сақтауға тәрбиелеу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің негізгі қағидаттары

6. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) Кәсіпорын қызметінің заңдылығы;
- 2) Кәсіпорын қызметінің жариялылығы және ашықтығы;
- 3) Кәсіпорын қызметкерлерінің, серіктестері мен клиенттерінің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен, сондай-ақ Кәсіпорынның серіктестерімен және клиенттерімен ынтымақтастық;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Кәсіпорынның ішкі саясаттарын бұзу фактілері бойынша қызметтік тексерулерді міндетті түрде жүргізу.

5. Қолданылу аясы

7. Осы Саясаттың күші Кәсіпорынның барлық басшысы мен қызметкеріне қолданылады. Осы Саясатпен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің негізгі қағидаттары Кәсіпорынмен өзара әрекет етуші үшінші тұлғаларға да қолданылады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер

8. Кәсіпорынның басшылары мен қызметкерлерінің өз өкілеттіктерін жеке және қызметтік емес мүдделерде заңсыз пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, аталған адамдар өздеріне:

1) тікелей қарамағында жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу (жақын туыстар: ата-аналары, балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар: жұбайының/зайыбының аға-інілері, апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары);

2) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттіктерін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдауға жол бермеу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

9. Кәсіпорында басқару функцияларын орындайтын қызметкерлер мен басшылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдауға келісімін кеңсе және кадр бөлімі жазбаша түрде тіркейді.

10. Кәсіпорынның басшылары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан босатуға әкеледі.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласындағы ынтымақтастық

11. Кәсіпорын өзара әрекет ету қағидатының негізінде мемлекеттік органдармен, Кәсіпорынның серіктестерімен, клиенттерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саласында мынадай мақсаттарда ынтымақтастықта болады:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға күдікті (айыпкер) тұлғаларды, сыбайлас жемқорлық үшін жағдай жасайтын құқық бұзушылықтарды, олардың орналасқан жерін белгілеу;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау нәтижесінде алынған немесе оларды жасау құралы болып табылған мүлікті анықтау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету мәселелері бойынша ақпаратпен алмасу;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және күресу қызметін үйлестіру.

8. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары

17. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) Кәсіпорын қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлық жосығына төзімсіздікті қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;

3) серіктестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жасалған шарттарға сәйкес кез келген бұзушылықтар туралы Кәсіпорынға хабарлау бойынша міндеттемелерді орындауды талап ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптар мен ең үздік халықаралық тәжірибеге тұрақты мониторинг жүргізу;

5) Кәсіпорынның басты бизнес-үдерістерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауына бағалау жүргізу;

6) Кәсіпорынның ішкі саясаттарын меңгеруіне онлайн тест жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ұдайы тренингтер жүргізіп тұру;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеуші талаптарды бұзу көзделгені туралы «Ашық желі» бастамашыл хабарлау желісін енгізу.

9. Жауапкершілік

13. Басшы қарамағындағы қызметкерлердің және тұтас басқаратын бөлімшесінің осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауына жеке жауапты болады.

14. Басқаратын құрылымдық бөлімшесінің қызметіндегі немесе өзінің қарамағындағы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісін өз бетінше анықтаған және хабарлаған басшы жауапкершіліктен босатылады.

15. Өзінің құрылымдық бөлімшесінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы мәлім болған басшылар мен қызметкерлер бұл жөнінде Комплаенс қызметіне хабарлауға міндетті. Бұл ретте Комплаенс қызметі осы хабарламаның толықтай құпиялылығын қамтамасыз етеді.

16. Басшылар мен қызметкерлер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

10. Қорытынды ережелер

17. Кәсіпорынның басшылары мен қызметкерлері осы Саясатпен белгіленген талаптарды мұқият меңгеру, ұғыну және мүлтіксіз орындау міндеттемесін өздеріне қабылдайды. Кәсіпорынның қызметкерлері осы Саясаттың ережелерімен танысқаннан кейін «Растау» тиісті нысанын толтыруға тиіс. Ол Қоғам жұмыскерлерінің жеке ісінде сақталатын болады.

18. Кәсіпорынның басшылары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын қолдану саласында оқып, осы салада ішкі іс-жосықтардан өтуге, оқығаны туралы және көрсетілген құжаттармен танысқаны параққа қол қоюға тиіс.

Өзірлеген:

ІҚ,ЕҚ және ТҚ,

АҚ және ТҚ қызмет бастығы



Д.Темирбеков